

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Гидрогеология, инженерлік және мұнай-газ геологиясы кафедрасы

Шамсутдинов Данияр Қуанышұлы

Байқоңыр қаласындағы «Байқоңырэнерго» өндірістік-пайдалану
бірлестігін техникалық сумен қамтамасыз ету мақсатында жоғарғы бор
шөгінділеріндегі жерасты суларын барлау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07202 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Гидрогеология, инженерлік және мұнай-газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ГИЖМГТ кафедрасының

менгерушісі, PhD, профессор

Енсеппбаев Т.А.

« 16 » 06 2023 ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: “Байқоңыр қаласындағы «Байқоңыр энерго» өндірістік-пайдалану бірлестігін техникалық сумен қамтамасыз ету мақсатында жоғарғы бор шөгінділеріндегі жерасты суларын барлау”

Мамандығы 6B07202 – «Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау»

Орындаған

Шамсутдинов Данияр Қуанышұлы

Пікір беруші

Ғылымдарының

магистрі

Кисмельева. Б.Р.

2023 ж.

Ғылыми жетекші PhD,
қауымдастырылған проф.

Мақыжанова А.Т.

« 15 » 06 2023ж

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Гидрогеология, инженерлік және мұнай-газ геологиясы кафедрасы

6B07202 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау

БЕКІТЕМІН

ГИЖМГГ кафедра
менгерушісі PhD, профессор

Т.А.Енсеппбаев

« 10 » 06 2023 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Шамсутдинов Данияр Қуанышұлы

Тақырыбы: «Байқоңыр қаласындағы «Байқоңыр энегро» өндірістік-пайдалану бірлестігін техникалық сумен қамтамасыз ету мақсатында жоғарғы бор шөгінділеріндегі жерасты суларын барлау»

Университет Ректорының 2022 жылғы " 23 " қараша №408 п/ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2023 жылғы " 17 " маусым

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Геологиялық, гидрогеологиялық және бұрғылау жұмыстары, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а)) геологиялық, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жағдайларды, қауіпті геологиялық процестердің дамуы және болу заңдылықтарын (ҚГП) зерттеу бойынша бұрын жүргізілген жұмыстарды жинақтау және талдау

б) геофизикалық зерттеу жұмыстарының әдістемелігі мен көлемі – мақсаттары мен міндеттері, дайындық кезеңі, гидрогеологиялық жете зерттеу және инженерлік-геологиялық жұмыстары

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдар 15 слайдтан көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 7 атаудан

**Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жұмыс ауданының зерттелуі	05.02.2023-25.02.2023	
Ауданның қысқаша гидрогеологиялық сипаттамасы	28.02.2023-20.03.2023	
Жобаланатын жұмыстардың жүргізу түрлері мен көлемдерінің негіздемесі мен әдістемесі	27.03.2023-20.04.2023	
Суды, қоршаған орта мен жер қойнауын қорғау	21.04.2023-02.05.2023	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Геологиялық бөлім	PhD, қауымдастырылған проф. Мақыжанова А.Т.	15.02.2023	
Ауданның қысқаша гидрогеологиялық сипаттамасы	PhD, қауымдастырылған проф. Мақыжанова А.Т.	20.03.2023	
Жобаланатын жұмыстардың жүргізу түрлері мен көлемдерінің негіздемесі мен әдістемесі	PhD, қауымдастырылған проф. Мақыжанова А.Т.	20.04.2023	
Суды, қоршаған орта мен жер қойнауын қорғау	PhD, қауымдастырылған проф. Мақыжанова А.Т.	21.04.2023	
Норма бақылау	Техн. ғылым. магистрі, Турдахунова Ш.Т.	11.06.2023	

Ғылыми жетекші

 Мақыжанова А.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Шамсутдинов Д.Қ.

Күні " 18 " 11 2022 ж

АНДАТПА

Бұл дипломдық жоба 38 бет мәтін бөлімінен құралады.

Жоба Байқоңыр қаласындағы Мемлекеттік унитарлы кәсіпорын «Байқоңыр энерго» өндірістік пайдалану бірлестігін техникалық сумен қамтамасыз етуге мақсатында жоғарғы бор шөгінділеріндегі жерасты суларын барлауға арналған.

Жобаның негізгі бөлімінде табиғи және климаттық жағдай туралы, геологиялық және гидрогеологиялық мәлімет берілген.

Жобада гидрогеологиялық барлау жұмысының әдісі және негізгі нәтижесі көрсетілген, бұрғылау және геофизикалық жұмыстары жүргізу әдістемесі көрсетілген. Жобаланатын жұмыстар аумағының геологиялық құрылымы, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жағдайлары бойынша өндірістік есепнамалардың негізгі ережелерімен танысу жүргізіледі. ҚГП белсендіру шарттары және табиғи және техногендік факторлар процестерінің әсері, жерасты сулары мониторингінің нәтижелері бойынша деректер жиналады.

Жобада әдістеме бойынша орындалатын жұмыстар: дайындық кезеңі, гидрогеологиялық жете зерттеу және инженерлік-геологиялық жұмыстар, бұрғылау жұмыстары, ұңғымаларды жабдықтау, тәжірибелік-сүзу жұмыстары, айдауды дайындау және жою, зертханалық жұмыстар, камералдық жұмыстар орындалды.

Смета-қаржылық есептеулер орындалды және жұмысты өткізудің техника қауіпсіздігі орындалды.

Тапсырыс беруші МУК «Байқоңыр энерго» өндірістік пайдалану бірлестігінің ұңғыма аймағы үшін қойылған тапсырыстар толығымен қанағаттандырылды деп есептесе болады. Өндіріс аймағы толығымен техникалық сумен қамтамасыз етілді.

Түйіндік сөздер: ұңғыма, грунт, аспаптар, техникалық су, шөгінділер, геоморфологиясы, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстар, бұрғылау жұмыстары.

АННОТАЦИЯ

Этот дипломный проект состоит из текстового раздела на 38 страницах.

Проект предназначен для разведки подземных вод верхнемеловых отложений в целях водоснабжения технической водой Государственное унитарное предприятие «Производственно-энергетическое объединение Байконурэнерго» в г. Байконур.

В основной части проекта представлены сведения о геологических, гидрогеологических, природных и климатических условиях.

В проекте показаны методы и основные результаты гидрогеологических разведочных работ, показана методика проведения буровых и геофизических работ. Проводится ознакомление с основными правилами производства отчетов о геологическом строении, гидрогеологических и инженерно-геологических условиях района планируемых работ. Собраны данные об условиях активизации ОГП и влиянии на процессы природных и техногенных факторов, результаты мониторинга подземных вод.

Работы, выполняемые в проекте по методике: подготовительный этап, гидрогеологические исследования и инженерно-геологические работы, буровые работы, оборудование скважин, опытно-фильтрационные работы, подготовка и ликвидация, лабораторные работы, камеральные работы.

Была выполнена сметно-финансовая расчетная работа и выполнена техническая безопасность труда.

Поставленный заказной проект, производственно-эксплуатационного объединения ГУП «Байконур энерго» полностью удовлетворены. Производственная зона полностью была обеспечена технической водой.

Ключевые слова: скважина, грунт, приборы, техническая вода, отложения, геоморфология, гидрогеологические и инженерно-геологические работы, буровые работы.

ABSTRACT

This graduation project consists of a 38-page text section.

This graduation project is intended for exploration of groundwater of upper cretaceous sediments for the purpose of supplying technical water to state unitary enterprise production and energy association «Baikonurenergo» in Baikonur city.

The main part of the project presents information about geological, hydrogeological, natural and climatic conditions.

The project shows the methods and main results of hydrogeological exploration, shows the methodology of drilling and geophysical work. Familiarization with the basic rules for the production of reports on the geological structure, hydrogeological and engineering-geological conditions of the area of planned work is carried out. Collected data on the conditions for the activation of the DGP and the impact on the processes of natural and technogenic factors, the results of groundwater monitoring

Works carried out in the project according to the methodology: preparatory stage, hydrogeological studies and engineering-geological work, drilling, well equipment, pilot filtration work, preparation and liquidation, laboratory work, desk work.

The estimated financial settlement work was carried out and the technical safety of work was carried out.

The delivered custom-made project, the production and operational association of the State Unitary Enterprise "Baikonur Energy" are fully satisfied. The production area was fully provided with process water.

Keywords: borehole, soil, instruments, process water, sediments, geomorphology, hydrogeological and engineering-geological works, drilling works.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	10
1	Жалпы бөлім	11
1.1	Әкімшілік және географиялық орны	11
1.2	Ауданның геоморфологиясы, гидрографиясы мен климаты	12
1.2.1	Геоморфологиясы	12
1.2.2	Гидрография	12
1.2.3	Климат	12
1.3	Ауданның геологиялық құрылысы	13
1.4	Тектоника	14
1.5	Жерасты суларының қалыптасу жағдайлары	14
2	Негізгі бөлім	15
2.1	Гидрогеологиялық жағдайлар	15
2.2	«Левобережное» сутарқышының пайдалану сынамасын сараптау	15
2.3	Гидрогеологиялық барлау жұмыстарының әдістемесі және негізгі нәтижелері	16
2.4	Далаға шығар алдығы кезеңі және жобалау	17
2.5	Территорияны маршрутты гидрогеологиялық зерттеулер	17
2.6	Бұрғылау жұмыстары	17
2.7	Ұңғымадағы геофизикалық зерттеулер	18
2.8	Жерасты суларының сапасы және химиялық құрамының сипаттамасы	19
2.9	Сулы горизонттың ашылған, тиімді және сынамаланған қалыңдықтары	20
2.10	Пьезометрлік арынның шамасы	20
2.11	Сүзілу, су өткізгіштік және пьезоөткізгіштік коэффициенттер	20
2.12	Ұңғыманың ішкі сүзілу кедергісінің шамасы	21
2.13	Су деңгейінің төмендеу шамасының мүмкіншілігі	23
2.14	Жерасты суларының пайдалану қорын есептеу	23
2.15	Пайдалану қорларын категориялау	24
3	Жобалау бөлімі	27
3.1	Жұмыстың жалпы көлемі мен әдістемесі	27
3.2	Бұрғылау тәсілін тандау	27
3.3	Ұңғыны бұрғылаудың технологиясы мен техникасы	27
3.4	Ұңғы тазалағыш сұйықтарды тандау	28
3.5	Сақтау техникасы, өндірістік санитарлық және өртке қарсы қолданылатын шаралар	28
4	Еңбек қорғау	30
4.1	Ұйымдастыру шаралары	30
4.2	Санитарлы-гигиеналық шаралар	30
4.3	Өртке қарсы шаралар	31

4.4	Геологиялық жұмыстардың қауіпсіздігі	31
4.5	Қоршаған ортаны және жерасты суын қорғау	32
5	Экономикалық бөлім	33
5.1	Техникалық-экономикалық бөлім	33
5.2	Бұрғылау жұмыстары	33
5.3	Зертханалық жұмыстар	35
5.4	Камералдық жұмыстар	36
5.5	Смета құру	36
	Қорытынды	38
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39

КІРІСПЕ

Байқоңыр қаласындағы ұңғымалар өлкесіндегі жерасты суына барлау жүргізілді.

Техникалық тапсырма ретінде “Байқоңыр энерго” бірлестігін техникалық жерасты суымен қамтамасыз ету үшін жер асты суларын барлауы қарастырылды.

Бұл дипломдық жобада, МУК «Байқоңыр энерго» өндірістік пайдалану бірлестігін техникалық сумен қамтамасыз ету үшін – геофизикалық, геологиялық, гидрогеология және бұрғылау іс-шаралары жүргізілген.

Дипломдық жоба жұмыс барысында қарастырылған және жасалған жұмыстар толықтай сметалық-қаржылы жұмыстарымен есептелді.

Еңбек қорғау – қауіпті және зиянды факторларды талдаумен, ұйымдастыру және санитарлы-норма шараларымен талданып, іске асты. Тағы қоса кететін болсам, өрт қауіпін болдырмау, шу және дірілмен күресудің әдістері, жарықтандыру және қоршаған орта мен жерасты суларын ластанудан және түрлі экологиялық апаттардан қорғау жұмыстары жүргізілді.

Осы дипломдық жобаны орындау мақсатында, МУК «Байқоңыр энерго» өндірістік пайдалану бірлестігін өндірістік – техникалық сумен қамтамасыз ету барысында жерасты су пайдалану қорын растауға және нақтылауға мүмкіндік беріледі. Бұл жобаның қорытынды нәтижелерімен жерасты суын пайдалануға және тез арада енгізуге көп әсерін тигізеді.

МУК «Байқоңыр энерго» ұңғыма өлкесі үшін жерасты суының айтылған негізгі тұтынушылығы кұрайды. Су минерализациясы өнімді сулы горизонтта жатқанға сәйкес келеді және пайдаланушының сұраныс талаптарына сәйкес келеді және қанағатталды.

МУК «Байқоңыр энерго» №0745, 0746, 0747 ұңғыма аймағы үшін жерасты суының баяндалған жалпы тұтынушылығы $7200\text{ м}^3/\text{тәул}$, ($83,3\text{ дм}^3/\text{сек}$) кұрайды. Судың минерализациясы өнімді сулы горизонтта болатынға сәйкес келеді және жер қойнауын пайдаланушының сұранысын қанағаттырады.


Бұрғылау, геофизикалық және тәжірибелік жұмыстар жүргізілген.

1 Жалпы бөлім

1.1 Әкімшілік және географиялық орны

Әкімшілік жағынан №0745, 0746, 0747 ұңғымалар учаскелері Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласының аумағында орналасқан.

Байқоңыр қаласы Сырдарья өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан және кварталды құрылыстары бар. Үйлері көп қабатты, кірпішті, көшелері асфальтпен жабылған. Қала орталық жылумен қамтылған, қалада салқын және ыстық су құбырлары, канализация бар. Қала электрмен, газбен, байланыстың барлық түрлерімен қамтамасыз етілген. Темір жолдан солтүстікке қарай Алматы-Ақтөбе көлік тас жолы өтіп жатыр.



1.1 Сурет – Географиялық орны

1.2 Ауданның геоморфологиясы, гидрографиясы мен климаты

1.2.1 Геоморфологиясы

Аудан бедері жазықты және өте біртекті. Жалпы алғанда бедердің ірі үш түрі ерекшеленеді: Сырдарья өзені аңғары, қалдықты – субөлікті үстірт және аллювийлі жазықтық.

Қарастырылып отырған аумақ ішінде Сырдарья өзені аңғарының ені 1,5 – 3,0 км. Аңғар шегінде жайылма мен жайылма терраса ерекшеленеді. Жайылма биіктігі өзендегі су қимасынан 1 – 5 м. Жайылма шеті жартасты өзен суымен жуылады. Террасаның жайылмадан және бір – бірінен асуы 2 – 4 м. Жайылма мен терраса беті тегіс және жазықты.

1.2.2 Гидрография

Ауданның жалғыз су артериясы территорияны шығыстан батысқа қарай басып өтетін Сырдария өзені. Өзен арнасының ені 120-130м, максималды шығын кезінде тереңдігі 2,7 метрден 5,4 метрге дейін барады. Өзен түбі құмды. Байқоңыр қаласынан оңтүстікке қарай ұзындығы 112 метр жететін металл понтонды көпір бар. Арналары иір – иір, аралдары 3-8 метрден 20 метрге дейін жететін көптеген аралдардан тұрады. Аудан көлемінде өзен арнасы 1-2 км-ге тарыла береді. Сырдария өзенінің қоректенуі аралас. Көктемде ағынды және жаңбыр суымен, жазда биік таулардағы қар суы мен Тянь – Шань тауының еріген мұздықтарымен қоректенеді. Қоректенуіне байланысты Сырдария өзенінің тасқыны екі кезеңде жүреді. Біріншісі, наурыз-сәуір, екіншісі, маусым-шілде айларында. Маусымда өзен деңгейі 3-3,5 м-ге көтеріледі. Тартылуы қыркүйекте байқалады. Желтоқсан айында өзен қатып, мұздың орташа қалыңдығы 0,6 м-ге, ал суық қыс айларында 1,0 м жетеді. Наурыз айында өзен ашылып, сәуірде түгелімен мұздан тазарады.

1.2.3 Климат

Аудан климаты өте континентальды, ауа температурасы маусымды және тәулікті ауытқып отырады. Жауын-шашыны аз. Қыс қоңыржай суық, ауа-райы бұлтты тұманды. Күндіз -6 -8 С, түнде -12-15 С. Желтоқсанның ортасынан наурызға дейін суық -25-35 С жетеді. Жауын-шашын қар түрінде түседі. Көктемі құбылмалы, күндізгі және түнгі температураның ауытқуы болады. Сәуірдің басында қар ери бастайды. Өткінші жауын-шашын болып тұрады. Көктемде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-60%. Жаз құрғақ, әрі ыстық. Ауаның температурасы күндіз 25-30 С. Түнде температура 15-18 С-қа дейін төмендейді. Ыстық күндері жер беті 60 С-қа дейін қызады. Күндіз ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30%.

Метерологиялық параметрлердің Байқоңыр қаласы бойынша соңғы 10 жыл ішіндегі орташа айлық көрсеткіші жайындағы негізгі деректер 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1.1 – Метеорологиялық параметрлердің айлық орташа мәні

Айы	T C	Жауын-шашын мм	Салыстырмалы ылғалдылық, %	Желдің жылдамдығы, м/с	Желдің бағыты, румб
Қаңтар	-9.1	16.0	84	5.4	Ш
Ақпан	-9.8	11.6	81	5.6	Ш
Наурыз	-0.6	17.6	76	6.2	СШ
Сәуір	12.1	15.6	55	6.4	СШ
Мамыр	19.6	9.7	44	5.8	СШ
Маусым	26.4	5.7	39	5.7	СШ
Шілде	28.9	9.7	38	5.7	С
Тамыз	25.2	8.6	38	5.3	СШ
Қыркүйек	17.5	6.1	46	5.3	СШ
Қазан	8.0	11.4	61	5.2	СШ
Қараша	0.6	19.0	76	5.3	Ш
Желтоқсан	-6.3	17.5	84	5.1	Ш
Жыл	9.4	148.5	60	5.6	СШ

1.3 Ауданның геологиялық құрылысы

Жоба өткен ауданның геологиялық құрылысы мезозой-кайнозой жасындағы жамылғыларының таралуымен сипатталады.

Бор жүйесі

Төменгі бөлім

Апт және альп ярусы (K_{1a}-aI)

Төменгі бордың аптті, альпті ярусы бір қалыңдыққа біріккен, оларды өздерінің флорасы мен фаунасы бойынша ажырату қыйын болғандықтан, литологиялық құрылысы бойынша мүлдем ажыратылмайды, сондықтан олар жұмыс ауданында апт – жамылғысының негізі солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарай шөгіп, 50-70 м - ден 300-500 м тереңдікке жетеді. Жамылғылар құм қабаттарынан тұратын құмтайастар, құмдықтар мен саздан тұрады.

Жоғарғы бөлім

Сеноман ярусы (K₂S)

Сеноман қабат түзілімі 300 м дейінгі тереңдікте ашылады. Ауданның солтүстік-шығыс бөлігінде, Сырдария өзенінің солтүстігіне қарай жер бетіне шығады. Саздармен, құмдармен, құмтастармен сипатталады.

Палеоген жүйесі

Палеоцен (P₁)

Палеоцен түзілімдері саздардан, құмтастардан, құмдардан және конгломераттардан тұрады. Бұл жыныстардың қалыңдығы үлкен емес. Ол 1-ден

10-метрге дейін ауытқиды. Көбінесе палеоцен жікқабатына құмтастар мен конгломератты жыныстары тән. Құмтастар әдетте сұр түсті, жұқа және ұсақ түйіршікті, өте тығыз әк тасты кремнийлі цементті болып келеді.

Төрттік жүйе (Q)

Төрттік жүйенің құрамында тілімделмеген неоген төрттік түзілімдер эолдық және элювиалды – делювиалды төрттік түзілімдер ерекшеленеді. Тілімделмеген неоген төрттік түзілімдер шеткі оңтүстікте таралған. Литология жағынан саздардың, құмдардың, саздақтардың және құмайтастардың қабатшаларымен көрсетілген. Саздар сары, қоңыр, қою-қызыл түсті.

Эолды-элювиалды – делювиалды түзілімдер қарастырылған территорияда кең таралған, бірақ олардың қалыңдығы көп жағдайларда бірнеше метр мен шектеледі.

1.4 Тектоника

Жұмыс ауданы тұран тақтасының шегінде орналасқан. Оның көп бөлігін Тұран тақтасын күрделендіретін ірі құрылымдардың бірі Сырдария депрессиясының солтүстік қанаты алып жатыр. Солтүстіктен Сырдария депрессиясын шектеп жатқан Қаратау антиклинальды зонасының облысында территорияның солтүстік бөлігі жатыр.

1.5 Жерасты суларының қалыптасу жағдайлары

Жұмыстар ауданы Арал – Каспий облысының Сырдария артезианды бассейндер жүйесінің Қызылқұм артезиандық бассейнінің ауданы мен ұштастырылған.

Бұл ауданның ерекшелігі бойынша ұсталған сутіректі қатшалармен өзара бөлінген жүйе және әртүрлі тереңдіктегі бірнеше арынды сулы горизонттағы бор және көнелеу түзілімдерде болады.

Жерасты сулары қорек көзін ауданның сыртынан Қаратау және Бұқантау таулы массивтерінің жарылымды суларының есебінен, сондай ақ Шу-Сарысу бассейнінің жерасты суларының ағынынан алады.

Территория шегінде түсетін атмосфералық жауын шашын тек грунттық суларды толтыруда ғана айтарлықтай роль атқарады. Жерасты суларының қозғалысы қалыптасқан облыстарынан Арал теңізіне қарай өтеді.

Осы бағытпен минерализациясы жоғарылайды және сулардың химиялық құрамы өзгереді.

Жерасты суларының босауы ауданның сыртында Амударияның төменінен келетін жарылымдар зонасының бойында, солтүстікте Арал теңізі арқылы Орал жаққа қарай, сондай ақ көптеген өздігінен төгілетін ұңғылар есебінен жүреді.

2 Негізгі бөлім

2.1 Гидрогеологиялық жағдайлар

Сипатталып отырған ауданның шегінде белгілі бір дәрежеде барлық стратиграфиялық бөлімшелердің түзілімдері суланған. Сонымен қатар қиманың жоғарғы төрттік және палеоген түзілімдерде сулы горизонттар жоқ, бұл терминнің жалпы қабылданған түсінігінде осыған байланысты тек олардың желілік сулануын айтуға болады.

Төрттік түзілімдердің жерасты сулары (Q)

Төрттік түзілімдер үлкен емес қалыңдықпен сипатталады. Жоғары гипсометриялық орынды алады, нәтижесінде өзінің таралуының үлкен ауданында олар сусыз.

Эолдық және элювиалды – делювиалды құмдарда жеке аймақтарда грунттық сулар жеткілікті қуатқа ие және төмендеу гипсометриялық бөлігінде шоғырланады. Сулы жыныстардың қалыңдығы 8 метрге дейін. Жерасты суларының деңгейі 1-6 метр тереңдікте орнатылады. Сулардың минерализациясы кең шектерде 0,3 – 1,16 г/дм³.

Палеогендік түзілімдердің жерасты сулары (P₁₊₂)

Қабаттық қиманың төменгі бөлігінен ұштатырылған палеогендік құмдар мен конгломераттады жерасты сулары жиі ашылады, бірақ бұл жыныстардың қалыңдығы аз болғандықтан және таралуы шектелгендіктен, оларды бөлек сулы көкжиекке бөлудің қажеті жоқ. Олардың шоғырлануы линза тәрізді, сондықтан палеоген сулы горизонты жеке бөлінбейді және сенон түзілімдерінің сулы горизонтымен бірге сипатталады.

Сенон түзілімдерінің сулы горизонты (K_{2sn})

Горизонт әртүрлі дәрежеде бір – бірінен жалпыланған құмдардың суланған қатпарлары мен линзаларынан тұрады. Жеке линзалар мен қатпарлар суларының байланысы әдетте тілігіне қарағанда созылымы бойынша жақсы. Горизонт жалпы кең таралған. Суланған қатпарлар саны 1 ден 6 метрге дейін, ал жеке қатпарлар қалыңдығы 10 – 35 метрге дейін. Суланған жыныстардың суммалық қалыңдығы 15 – 35 метрді құрады.

Сеноман түзілімдерінің сулы горизонты (K_{2S})

Сеноман түзілімдері сулы горизонттары кең таралған. Ол солтүстік – шығыста 15 – 20 метрден оңтүстікте 250 – 300 метр тереңдіктерде ұңғымалармен ашылады. Горизонт екі сулы қатшалардан тұрады, олардың қалыңдығы 20 – 60 метрді құрайды. Бұл қатшаларды бөлетін саздардың қатпары аз қуатты және аудан бойынша ұсталмаған.

2.2 «Левобережное» сутарқышының пайдалану сыналасын сараптау

«Левобережное» сутарқышы 1975 жылы пайдалануға берілген және сол кезде алғашқы пайдалану ұңғымалары бұрғыланған. КСРО ГКЗ қарауында КСРО геология министрлігінің екінші гидрогеологияның «№135 тапсырысы

бойынша жасалған «Левобережное» кен орнының жерасты суларын барлаудың нәтижелері туралы есеп» берілген. «Левобережное» ауданындағы турон және сеноман түзілімдеріндегі жерасты суларының пайдалану қорлары сандарда және есептеудің категориясымен нысанды шаруашылық ауыз сумен қамтуға 25 жыл мерзімге бекіткен:

Кесте 2 – Жерасты суларының эксплуатациялық қорлары

Горизонт	Категория		
	A	B	C ₁
Турон	55,6	44,4	20,0
Сеноман	-	-	39,0

«Левобережное» кен орнының қорларын барлау мен бағалау жерасты суларының есебінен Байқоңыр қаласын және барлық Байқоңыр ракеталық кешенін сумен қамтудың тиімділігін жоғарлатуға мүмкіндік береді. Тұтынылатын судың сапасын жақсарту үшін «Левобережное» кен орнының және Сырдария өзенінің беттік суларын бірге қолдану шешілген.

«Левобережное» су тартқысы Байқоңыр қаласынан 20 км оңтүстікте Өзек және Ескідариялық өзендерінің ежелгі арналарының арасында орналасқан. Сутартқы ауданы орналасқан аллювиалдық жазықтық тегіс, кей жерлерде толқынды. Жеке көтерілімдер рельефте төмендеулермен жүзбелі мүшеленеді. Сутартқы ауданындағы абсолютті белгілер 88 – ден 95 метрге дейін өзгереді.

«Левобережное» сутартқысында арнайы жоғарғы вольтті электр тартқыш желісі ірі трансформаторлы подстанция, барлық инженерлік ғимараттарды электр энергиясымен қамту үшін; қарау құдықтары бар жалпы ұзындығы 30 км, 600, 800 метр диаметрлі су жинау ғимараты; жерасты кабельдері, екінші көтерменің сорапты станциясы; Д2500 – 62 типті 4 сорапты агрегаттармен жабдықталған.

«Левобережное» сутартқысының 70 жылдары бұрғыланған пайдалану ұңғылары өздерінің нормативтік амортизациялық мерзімін өтеген және қазіргі таңда реконструкцияны қажет етеді. 1996 жылға дейін сутартқыда пайдалану жұмыстарын 48210 әскери бөлімі жүргізген. Кейін сутартқы Байқоңыр қаласының азаматтық ұйымы «Горводоканалға» 40 ұңғыдан 36 пайдалану ұңғылы балансына қабылданып берілген.

2.3 Гидрогеологиялық барлау жұмыстарының әдістемесі және негізгі нәтижелері

Байқоңыр қаласында №0745, 0746, 0747 ұңғымаларының жерасты суларын барлауды МУК «Байқоңыр энерго»-мен бірге келісімге сай «ГЕОРИД ЖШС» жүргізген.

Бұл жұмысты орындау үшін ТУ «Южказнедро» мен келісілген (№109/05 хаттама 18.03.2005 ж) жұмыс жобасымен келесі жұмыстар түрі қарастырылған:

1. Дайындау кезеңі жұмыстары мен жобалау
2. Территорияны маршруттық гидрогеологиялық зерттеу
3. Бұрғылау жұмыстары
4. Сынама жұмыстары
5. Ұңғылардағы геофизикалық зерттеулер
6. Зертханалық жұмыстары
7. Камералық жұмыстар, жерасты суларының қорын есептеу мен есеп жасау.

2.4 Далаға шығар алдыңғы кезеңі және жобалау

Жұмыс құрамына жинау, жүйелеу, сараптау және бұрын жүргізілген бұрғылау, сынау – фильтрациялық режимдік жұмыстардың нәтижелерін жалпылау кірген.

Дайындық кезеңінде келесі графикалық ұсыныстар дайындалған:

- Жұмыс ауданының 1:200000 масштабта гидрогеологиялық картасы;
- Барлау аймағының 1:500000 масштабта гидрогеологиялық картасы;
- Сәйкес карталар масштабында сипатты кескін бойынша гидрогеологиялық қималар;
- Карталар мен қималарға шартты белгілер;
- Қорлардың болашақ есебіне 1:200000 және 1:50000 масштабта сұлбалар;
- Архивтік материалдар бойынша режимдік бақылаулардың сынау жұмыстарының парақтары мен кестелері.

2.5 Территорияны маршрутты гидрогеологиялық зерттеулер

Жұмыс аймағының гидрогеологиялық шарттарын нақтылау мақсатында 2005 жылдың шілдесінде маршрутты зерттеу жүргізілді. Зерттеу процесінде коршаған ортаның қазіргі жағдайы зерттеледі, геологиялық ортаға келетін антропогенді жүктеме шамасы бағаланды.

МУК «Байқоңыр энерго» территориясындағы аймақ №0745, 0746, 0747/2 ұңғымалардан жақын жерде зерттеледі және 2 км² құрайды.

Өткізілген маршрут нәтижесі бойынша территорияның маршрутты гидрогеологиялық зерттеуінің актісі құрастырылды.

2.6 Бұрғылау жұмыстары

№0745, 0746, 0747 гидрогеологиялық ұңғымалар Байқоңыр қаласындағы МУК «Байқоңыр энерго» территориясында орналасқан. Барлық ұңғымаларды бұрғылау ЖШС «Оңтүстік ВД» БА-15В қондырғысымен жүзеге асырылды.

№0745 ұңғыма

Ұңғыма 2005 жылдың екінші жартысында бұрғыланды. Сағаның абсолюттік белгісі 102,1 м. Ұңғыма 200 м тереңдікке дейін бұрғыланған, тұран бор шөгіндісінің су горизонтын ашты және сынақтан өткізді. Ұңғыма Д 445 мм қашаумен 105 м тереңдікке дейін бұрғыланды және нұсқа сырттық кеңістікті цементтеумен Д 377 мм пластмассалы техникалық колонкамен шегенделген.

№0746 ұңғыма

2005 жылдың мамырында бұрғыланған, МУК «Байқоңыр энерго» техникалық сумен қамтамасыз етуге орналасқан. Сағаның абсолюттік белгісі 103,8 м, ұңғыма тереңдігі 200 м.

Ұңғыма Д 445 мм қашаумен 100 м тереңдікке бұрғыланған және ұңғыма сағасына дейінгі құбыр сырттық кеңістікті цементтелген Д 400 мм пластмассалы техникалық колонкамен шегенденген.

2.7 Ұңғымадағы геофизикалық зерттеулер

МУК «Байқоңыр энерго» техникалық сумен қамту үшін зерттеулік мақсатпен Байқоңыр қаласының маңында бұрғыланған 3 гидрогеологиялық (№0745, 0746, 0747) ұңғымалар геофизикалық зерттеулермен қамтылған. Геофизикалық зерттеулер мақсаты болып жоғарғы тұранның ұсақ түйіршікті құмға ұштастырылған сулы горизонтты пайдалану үшін аса тиімдісін табуды негізгі мәселесі бар ұңғымаларымен ашылған тіліктің стратиграфиялық бөлшектенуі болып табылады.

№0745 ұңғыма (200м тереңдік) зерттеу пайдаланушы ретінде №0746 ұңғымадан солтүстік шығысында 360 м-де бұрғыланған. 27м тереңдікке дейін күнгір алевролиттермен (27-47м), күнгір саздардың қабатшасымен (47-52м) берілген сенон ярусының K_2Sn шөгіндісімен ашылған палеогеннің (P_{1-2}) құмтасты күнгір саздары және тіліктің төменгі бөлігінде ұсақ түйіршікті құмның горизонтымен көрінеді.

Каротаж мәліметтері бойынша сулы горизонт аралығында горизонттың су өткізгіштігіне әсер етпейтін қалыңдығы 1-2 м саздың екі қабатшасы байқалады.

167 м тереңдіктен құмды сулы горизонт астынан сазды және алевролитті шөгінділер K_2Sn ашылады. Осы горизонттың меншікті электрлі кедергісі 5-8 ом м құрайды, бұл оның жоғарғы саздылығын айтады және K_2Sn-K_2t шөгінділерінің жер асты сулары үшін аймақтық су ағынды деп есептеуге болады.

Қорытындыда тағы бір рет көрсетуге болады, кернсіз бұрғылау кезінде әр түрлі модификациямен үлестіре отырып, ұңғымаларды геофизикалық зерттеулер әдістері геологиялық мәселелердің әр түрлі спектрін шешу үшін алынған бұрғылау ұңғымаларымен ашылған тіліктік объективті геологиялық құжаттаудың негізгі тәсілі болып табылады.

2.8 Жерасты суларының сапасы және химиялық құрамының сипаттамасы

Бор шөгіндісінің сулы комплексінің (№ 0745, 0746, 0747) жерасты сулары химиялық құрамы бойынша, негізінен, 1,7-ден 2,0 г/дм³ дейін минерализациясы бар хлоритті, сульфатты, натрийлі. Минерализация жазғы уақытта шамасы жоғарылайды. Жалпы сұйықтық 0,6-дан-1,4 моль/дм³ шегінде өзгереді. Негізінен, жерасты сулары әлсіз сілтілі және тапсырыс берушінің техникалық қасиеттілігіне берілмейді. Арнайы суда дайындау қарастырылмаған. Жалпы химиялық анализ «Энергохимгео» орталық зертханасында орындалған.

Кесте 2.1 – № 0745, 0746, 0747 ұңғымаларының аумағындағы жерасты суларының химиялық құрамы

Сапа көрсеткіштері (химиялық заттың атауы)	Өлшеу бірлік	Анализ бойынша мәліметтер
Сутекті көрсеткіш	pH	7,2-8,4
Жалпы минерализациясы	мг/дм ³	1,7-2,0
Құрсак қалдық	мг/дм ³	1,6-1,8
Жалпы қаттылық	моль/дм ³	0,6-1,4
Перманганатты қышқылдық	мгО ₂ /дм ³	0,7-2,0
Na	мг/дм ³	554,5-1000
K	мг/дм ³	3,7-7,1
Ca	мг/дм ³	4-40,1
Mg	мг/дм ³	1,2-38,9
NH ₄	мг/дм ³	<0,05-0,3
CO ₃	мг/дм ³	6-36,0
HCO ₃	мг/дм ³	329,5-408,8
NO ₃	мг/дм ³	<0,4-1,8
NO ₂	мг/дм ³	0-0,6
Fe	мг/дм ³	<0,05
NO ₃	мг/дм ³	<0,4-1,8
SO ₄ ²⁻	мг/дм ³	428,1-507,9
F	мг/дм ³	0,25-2,6
Cl ⁻	мг/дм ³	334,2-405,6
Иіс	балл	0
Түсі	град	0
Лайлылығы	мг/дм ³	0->10

Минерализациясы бойынша тұран шөгіндісінің қабатаралық суының химиялық құрамынан әлсіз тұздыға (>1000мг/дм³) сәйкес, яғни, ауыз су қажеттілігіне жарамсыз және техникалық сумен қамту үшін қолданылады.

2.9 Сулы горизонттың ашылған, тиімді және сынамаланған қалыңдықтары

№ 0745, 0746, 0747 ұңғымамен тұран сулық горизонттары сыналды және ашылды.

Кесте 2.2 – Сулы горизонттың ашылуы және сынауы бойынша мәліметтер

Ұңғыма №	Ашылған алу, м	Тиімді қалыңдық, м	Сыналған қалыңдық, м	Сүзгіні қондыру аралықтары, м
0745	96	82	52	107-122 131-168
0746	92	70	28	102-110 130-150
0747	93	52	22	120-127 145-160

2.10 Пьезометрлік арынның шамасы

Пьезометрлік арынның шамасы пайдалану кезіндегі жерасты сулар деңгейінің мүмкін төмендеуін қамтамасыз етеді. Ол сулық горизонт табанынан табиғи күйдегі статикалық деңгейге дейін есептеледі. Статикалық деңгей тереңдігі кезінде: №0745 ұңғыма – 27,02м, №0746 ұңғыма – 25,63м, №0747 ұңғыма – 26,84м, ұңғымалар бойынша пьезометрлік арын шамасы келесідей:

- №0745 – 79,98м;
- №0746 – 76,37м;
- №0747 – 93,16м;

Пьезометрлік арынның орташа шамасы 83,17м тең деп қабылданды.

2.11 Сүзілу, су өткізгіштік және пьезоөткізгіштік коэффициенттер

Сүзілу параметрлерін анықтау №0746 ұңғыманың шоғырынан тәжірибелі сутарту мәліметтерін интерпретациялау негізінде орындалды. Сутарту процессінде жер асты суының, деңгейінің, өнімінің және су температурасының өзгеруіне бақылау жүргізіледі.

Негізгі сүзілу параметрлерін анықтау екі әдіспен орындалады: графоаналитикалық және Дюпуи теңдеуі бойынша. Шоғырлық сутарту Тейс теңдеуін, логарифмдік аппроксимацияға негізделген арынды сулар үшін Хорнер және Джейкоб тәуелділіктері бойынша өңделеді (су деңгейін төмендету және қалпына келтіру үшін):

$$S - \lg t, S - \lg \frac{t}{r^2}, S - \lg \frac{t}{T + t}. \quad (1)$$

Суөткізгіштік және пьезоөткізгіштік графикте алынған коэффициенттер 5 кестеде келтірілген.

Кесте 2.3 – Суөткізгіштік және пьезоөткізгіштік коэффициенттер

№	Дюпуи бойынша Km, м ² /тәу	S – lg t		S – lg $\frac{t}{r^2}$		S – lg $\frac{t}{T+t}$	
		Km	a	Km	a	Km	a
0746	190	-				281	
0746/2	144	451	3.7*10 ⁵			451	1,6*10 ⁶
0745	515	412	6.9*10 ⁶	499	4,6*10 ⁵	460	1,7*10 ⁶

2.12 Ұңғыманың ішкі сүзілу кедергісінің шамасы

Бұл шама №0746 ұңғыма үшін келесі түрде анықталады. Сулық горизонтта су деңгейін теориялық төмендету теңдеу бойынша анықталады:

$$S = \frac{Q}{4\pi Km} * \ln \frac{2.25at}{r_0^2}, \quad (2)$$

мұндағы: Q – ұңғыма өнімі, дм³/сек;

Km – су өткізгіштік коэффициент, м²/тәул.

a – пьезоөткізгіштік коэффициент, м²/тәул.

t – сутарту ұзақтығы, тәул

r₀ – ұңғыма радиусы, м;

№0745, 0746, 0747 ұңғымалар үшін теориялық төмендетуді есептеу 6 кестеде көрсетілген.

Кесте 2.4 – Су деңгейінің теориялық төмендеуін есептеу

Ұңғ.№	Q, м ³ /тәул.	Km, м ² /тәул.	a, м ² /тәул.	t, тәул.	r ₀ м	S, м
0745	30.0	455	1.7*10 ⁶	4	0.1095	9.52
0746	30.0	455	1.7*10 ⁶		0.1095	
0747	30.0	455	1.7*10 ⁶		0.1095	

№0746 ұңғымада оның жетілмегені есебінен су деңгейінің қосымша төмендеу шамасы (ΔS):

$$\Delta S = 22.73 - 9.52 = 13.21. \quad (3)$$

Ішкі сүзілу кедергі шамасы келесі теңдеу бойынша анықталады:

$$\xi = \frac{\Delta S * 4\pi Km}{Q}. \quad (4)$$

№ 0746 ұңғымасының ішкі сүзілу кедергісі мынаған тең:


$$\xi = \frac{13,21 * 4 * 3,14 * 455}{2592} = 29,1 . \quad (5)$$

Суөтімділік коэффициенттері Дюпуи формуласы бойынша есептеледі


$$Km_{0746} = \frac{0,366 * Q \lg \frac{Rn}{r_0}}{S_0}; \quad Km_{0746/2} = \frac{0,366 * Q \lg \frac{r_1}{r_0}}{S_0 - S_1}; \quad Km_{0745} = \frac{0,366 * Q \lg \frac{r_2}{r_1}}{S_1 - S_2}. \quad (6)$$

Кесте 2.5 – Анықталған сулы горизонт параметрлері

№ п/п	№ ұңғ.	Q, м³/сут	0,366*Q, м³/сут	a, м²/сут	t, сут	Rn = 1,5	r₀, м	r₁, м	r₂, м	S₀, м	S₁, м	S₂, м	Km, м²/тәул.
1	0746	2592	948,67	1,7*10⁶	4	391 2	0,109 5	-	-	22,7 3	-	-	189, 9
2	0746/ 2	2592	948,67	-	-	-	-	15 0	-	-	2	-	143, 5
3	0745	2592	948,67	-	-	-	-	-	36 0	-	-	1	515, 3



2.1 Сурет – №0746/2, 0745 бақылау ұңғымаларындағы деңгейлердің төмендеулерін аралас бақылау графигі



2.2 Сурет – №0746 ұңғымасынан шоғырлық сутарту деректері бойынша деңгейлердің қалпына келуін уақытша бақылау графигі

2.13 Су деңгейінің төмендеу шамасының мүмкіншілігі

Амортизация мерзімінің соңына қарай су деңгейінің төмендеу шамасының мүмкіншілігі техникалық тапсырмамен берілмеген. Жерасты суларының ұқсас кенорындарын барлау тәжірибесінен шыға отырып, жерасты суларының деңгейі барлау аумағы бойынша ұңғыманы пайдалану мерзімінің соңында 500м терең болуы керек. Сонда төмендеу мүмкіншілігі құрайды:

№ 0745 ұңғыма аумағы – 57,98м.

№ 0746 ұңғыма аумағы – 49,37 м.

№ 0747 ұңғыма аумағы – 63,16м.

2.14 Жерасты суларының пайдалану қорын есептеу

№0745, 0746, 0747 ұңғ. аумағы үшін нашар жағдайда орналасқан №0746 пайдалану ұңғымадағы су деңгейінің төмендеуі келесі формула бойынша анықталады:

$$S = \frac{1}{2\pi Km} (Q \ln Rn - (Q_1 \ln r_0 + Q_2 \ln r_{1-2} - 2 + Q_3 \ln r_{1-2})) , \quad (7)$$

мұндағы: Km – су өткізгіштік коэффициент, $455 \text{ м}^2/\text{тәул}$;

$Q_{\text{жал}}$ – су ағынның барлық өзара байланысқан ұңғымаларының жалпы өнімі.

Q_1, Q_2, Q_3 - байланысқан ұңғымаларының жалпы өнімі.

Rn - №0746 ұңғыманың келтірілген әсер ету радиусы.

$$Rn = \sqrt{at} = 1,5 \sqrt{1,7 \cdot 10^6 \cdot 10^4} = 195576,07 \text{ м} . \quad (8)$$

Q_1, Q_2, Q_3 төмендеу анықталатын ұңғымадан r_1, r_2, r_3 қашықтықта орналасқан ұңғыма өнімі:

$$S = \frac{1}{2 * 3.14 * 455} (7200 \ln 195576.07 - (2400 \ln 0.1095 + 2400 \ln 360 + 2400 \ln 352)) = \quad (9)$$

$$= 0.00035 * 65023.23 = 22.76 \text{ м.}$$

№ 0746 ұңғымада ішкі сүзілу кедергі есебінен су деңгейінің қосымша төмендеуі келесі формула бойынша анықталады:

$$S = \frac{Q}{4\pi K m} * \xi, \quad (10)$$

ξ - ішкі сүзілу кедергісі – 29,1.

$$\Delta S = \frac{2400}{12.56 * 455} * 29.1 = 12.2 \text{ м.} \quad (11)$$

№0746 ұңғымасы үшін деңгейдің төмендеуі 34,96м тең болады, 49,37м мүмкін кезде.

Тұран шөгіндісінің жерасты суларының бекітуге ұсынылған қоры 7200м³/тәулік мөлшерінде төзімді қорды өңдеу есебінен жүзеге асады.

2.15 Пайдалану қорларын категориялау

